| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі** | 10.00<br>11.30 | **1.Сөйлеуді дамыту**<br>**«Сипаты бойынша таны (дидактикалық ойын).»**<br>Қолдан жасалған заттармен таныстыру, олардың бөліктерін ажыратуға, сөздерді септелуіне карай байланыстыруға үйрету.<br><br>**2.Дене шынықтыру**<br>**«Сапқа тұру,жүру.Нысанаға лақтыру.»**<br>Өз бетінше сапқа тұру және тізені жоғары көтеріп жүру. Тура нысанаға оң қолмен лақтыру. Гимнастикалық қабырға бойымен жоғары өрмелеу және түсу. | 1Музыка<br>**«Халық аспаптарының орындауындағы музыканы тыңдату»**<br>Халық аспаптарының орындауындағы музыканы тыңдату, түрлі музыкалық сүйемелдеумен ре-ля бірінші октавасының диапазонында ән айтуға, жануарлардың би қимылдарын ұқсатуға үйрету<br><br>**2.Көркем әдебиет**<br>**«Бес саусақ» өлеңі.**<br>Тақырыпқа сәйкес халық өлеңінің ырғағы мен ұйқасын бере білуге үйрету.<br><br>**3.Дене шынықтыру**<br>**«.Жүру.Өрмелеу.**<br>Өз бетінше сапқа тұру және тізені жоғары көтеріп жүру.Гимнастикалық қабырға бойымен жоғары өрмелеу және түсу. Тура нысанаға сол қолмен лақтыру | **1.Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру**<br>**«Тәулік бөліктері.»**<br>Тәуліктің қарама-қарсы бөліктерін анықтауға үйрету<br><br>**2.Сурет салу**<br>**«Сандықты әшекейлейік.»**<br>Қазақтың қол өнер туындысы сандықпен таныстыру. бұрыштарға қазақ оюының қос элементін салуды үйрету.<br>.<br>3.**Шебер қолдар**<br>«Ормандағы кірпі»<br><br>**Мақсаты:** Топта жұмыс жасауға, ойлағандарын айтуға үйрету, өтілген техникалар бойынша жұмыс жасау, оригами | **1.Жаратылыстану**<br>**«Менің сүйікті үй жануарларым»**<br><br>Төрт түлік туралы түсініктерін кеңейту, оның жүнінен жасалған заттарды карау арқылы, жылы, жұмсақ болатынын бақылау<br><br>**2.Дене шынықтыру**<br>**.«Жүру.Тепе-теңдікті сақтау.»**<br>Өз бетінше сапқа тұру және тізені жоғары көтеріп жүру. Тура нысанаға сол қолмен лақтыру. Арқан бойымен жүру кезінде тепе-теңдікті сақтау. . | **1Құрастыру**<br>**Лақтар мен боталарға арналған қоршаулар**<br>Ойнай отырып, сюжет бойынша құрылыстарды салуға және біріктіруге үйрету<br><br>**Музыка**<br>**Бесік жыры.**<br>Бесік жырын тыңдату, музыкалық сүйемелдеусіз ре-ля бірінші октавасының диапазонында ән айтуға, қимыл қарқынын күшейтуге және азайтуға үйрету |
| Серуен: | 11.30<br>12.00 | Бағдаршамды бақылау.<br>Мақсаты:<br>Бағдаршамның маңыздылығы туралы түсініктерін бекіту.<br>Бақылау барысы:<br>Балаларды бұрылыс жерге апарып,бағдаршамның іс әрекетін бақылап карау.<br>Жолдардың торабын<br>Абайлап қараған<br>Әйгілеп үш сөзді<br>Бір дәу тұр үш көзді<br>Одан жас кәріміз | | | | |